

**МКҚК №22 «Балдырған» МДҰ-ның 2024 жылдың 20 күні өткізілген
қамқоршылық кеңес жиналысының
№1 ХАТТАМАСЫ**

Күн тәртібінде:

1. Ұжымның жалпы қарайтын мәселесі:

Педагогикалық ұжымның ,ата-аналар комитетінің және Қамқоршылық кеңесінің өткен жылы атқарған жұмыстарының қорытындысы.

2.Қамқоршылық кеңесінің құрамымен таныстыру.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектепке дейінгі ұйымның қамқоршылық кеңес төрағасы сөз алды.

Қамқоршылық кеңестің 2024 жылы жүргізілген жұмыстарына тоқталды.Мектепке дейінгі ұйымда Ақтөбе қаласы білім беру бөлімінің бекітуімен 4-6 жас аралығындағы балаларға арналған ақылы үйірмелер 2024 жылдың желтоқсан айына дейін жүргізілді. Ақылы қызметтен түскен қаражаттар мектепке дейінгі ұйымның қажетіне жаратылды.Мектепке дейінгі ұйымның топтарына және дәлізіне, музыка залына ағымдық жөндеу жүргізілді. (әктеу, түс қағаздарын жаңарту, бояу, дәліздегі еденнің кафельдерін ауыстыру, музыка залының терезе жапқыштары, кілем, шамдары ауыстырылды). Мектепке дейінгі ұйымның ауласына көгалдандыру жұмыстары жүргізілді. Ойын алаңдарына жөндеу жұмыстары жүргізілді.Сонымен қатар мектепке дейінгі ұйымның дарынды бүлдіршіндері мен шығармашыл педагогтарына қалалық, облыстық байқауларға қатысуға жан-жақты, көмек көрсету жұмыстары жүргізілді.Бұл жүргізілген жұмыстардың барлығына ақылы қызмет қаражатынан жаратылды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №335 «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес Қамқоршылық кеңестің мақсаттары мен міндеттерін айқындай келе, 2024 жылдың Қамқоршылық кеңес қызметін реттейтін бірқатар ішкі жоспар әзірледік және оларды сіздерге таныстырмақпыз.Бұл кеңес жұмысын ретке келтіру және жүйеге түсіруге,оның білім мекемесі құрылымындағы орнын анықтауға жағдай жасайды. Қамқоршылық кеңестің негізгі мақсаты-жалпы білім беретін мекеменің қызметін тиімді жүргізу үшін жағдай жасау.

Одан әрі қамқоршылық кеңесінің мүшелері ондағы қамқоршылық кеңесінің ережесімен, негізгі міндеттері мен қызмет бағыттары,ұйымдастыру мен тәртібі жайлы танысып, алдағы уақытта жүргізілетін жұмыстарға тоқтала келе, қамқоршылық кеңесінің құрамының мүшелері бірлесе жоспарланған жұмыстарды жүзеге асырылатынын айтты.

Күн тәртібіндегі мәселені тыңдай келе жиналыс қаулы етеді:

1. Қамқоршылық кеңес жұмыстарына басшылық жасау Қамқоршылық кеңес төрағасына міндеттелсін.

2.Қамқоршылық кеңесінің ережесі басшылыққа алынып,жоспарланған жұмыстар жүзеге асырылсын.





Жиналыс төрағасы:

Хатшысы:

Мұрат Жұлдыз Аманбекқызы

Нурсултанова Агила Батыкановна

Қомқоршылық кеңес мүшелері:

	Тулеуова Гулжан Бекболатовна
	Булекова Акбаян Мирханқызы
	Досымбаева Асель Нурханқызы
	Альжанова Марта Карасаевна
	Сарсембаева Зинур Сайлауовна
	Ахсотова Гүлімай Куандыковна
	Искакова Шолпан Конусовна
	Мырзалиева Акнур Жараскановна

